

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы лизингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы N 532 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар):

565-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының заң актілерімен лизинг шартының жекелеген түрлерінің ерекшеліктері белгіленуі мүмкін."

2. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат, 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 138-құжат):

140-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) егер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес лизинг нысанасын даусыз талап ету туралы талап мәлімделген болса;"

3. "Қаржы лизингі туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 10, 247-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

1) 2 - б а п т а :

екінші-бесінші, оныншы және он екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"қаржы лизингі (бұдан әрі - лизинг) - лизинг беруші сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг шартымен келісілген лизинг нысанасын лизинг алушыға белгілі бір төлемақысына және белгілі бір талаптармен уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін кемінде үш жыл мерзімге пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызметтің түрі. Бұл орайда лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын беру мына талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сай келуге тиіс:

1) лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға тіркелген баға бойынша лизинг нысанасын сатып алу құқығын беру лизинг ш а р т ы м е н а й қ ы н д а л а д ы ;

2) лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет ету мерзімінің 75 процентінен асады;

3) лизинг төлемдерінің лизингтің бүкіл мерзімі ішіндегі ағымдық (дисконтталған) құны лизингтің берілген нысанасы құнының 90 процентінен асады;

лизинг беруші - тартылған ақша және (немесе) өз ақшасы есебінен лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны лизинг алушыға лизинг шартының талаптарымен беретін лизинг мәмілесіне қатысушы. Бір лизинг мәмілесінің шеңберінде, лизинг беруші бір мезгілде оның басқа қатысушысы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы емес; "

"сатушы - лизинг беруші лизинг нысанасын сатып алу - сату шарты немесе лизинг шарты негізінде лизинг нысанасын алатын лизинг мәмілесіне қатысушы. Сатушы бір мезгілде лизинг нысанасының лизинг алушысы (қайтарымды лизинг) ретінде іс-қимыл жасай алады; "

"лизинг мәмілесіне қатысушылар - жеке кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғалар мен лизинг беруші және лизинг алушы ретінде іс-әрекет жасайтын заңды тұлғалар, сондай-ақ лизинг нысанасын сатушы ретінде іс-қимыл жасайтын жеке және заңды тұлғалар; "

он бірінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"лизинг мерзімі - лизинг нысанасы лизинг шартына сәйкес лизинг алушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін мерзім. Бұл орайда лизинг берушіде лизинг нысанасына меншік құқығының сақталуы кезінде лизинг шартының мерзімінен бұрын бұзылуы лизинг мерзімін өзгертуге әкеп соқпайды.";

2) 3 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "лизинг беруші, лизинг алушы және сатушы" деген сөздер "лизинг беруші мен лизинг алушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "кері қайтарып" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 1-1) және 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) қайталама лизинг - лизинг берушінің өз меншігінде қалған лизинг нысанасы, лизинг шарты тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда, осы Заңның 2-бабына сәйкес басқа лизинг алушыға лизингке берілетін лизингтің бір түрі;"

"3-1) сублизинг - лизинг алушы (сублизинг беруші) осы Заңның 2-бабына сәйкес, бұрын лизинг шарты бойынша лизинг берушіден алынған және лизинг нысанасын құрайтын мүлікті төлемақысына және сублизинг шартының талаптарына сәйкес мерзімге уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін үшінші тұлғаларға (сублизинг берушілерге) пайдалануға беретін лизингтің бір түрі;"

3) 4-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Лизинг берушінің меншігінде қалған лизинг нысанасы, лизинг шарты

тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда оны лизинг беруші басқа лизинг алушының лизингіне одан әрі беру үшін пайдалануы мүмкін.

Мұндай лизинг нысанасын лизингке одан әрі берген кезде сатушыны және лизинг нысанасын таңдауды лизинг беруші жүзеге асырды деп есептеледі.";

4) 5 - б а п т а :

1-тармақ "құқығы" деген сөзден кейін ", лизинг алушы лизинг шарты бойынша өзінің барлық ақшалай міндеттемелерін орындаған жағдайда жүзеге асыратын, лизинг шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін (егер лизинг шартында мұндай өту көзделген болса) лизинг алушының меншігіне лизинг нысанасы ауысқан жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лизинг алушы жойылған немесе банкротқа ұшыраған кезде лизинг нысанасы лизинг берушіге қайтарылуға тиіс.

Лизинг алушы банкротқа ұшыраған кезде лизинг нысанасы конкурстық массаға е н г і з і л м е й д і .

Лизинг нысанасына тыйым салуға және оны тәркілеуге жол берілмейді.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл орайда лизинг шартында айқындалған лизинг берушінің құқықтары мен міндеттері жаңа меншік иесіне көшеді.";

5) 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг алушы лизинг берушінің жазбаша келісімімен лизинг нысанасын сублизингке өткізуге құқылы. Бұл орайда сублизинг беруші мен сублизинг алушы лизинг беруші мен лизинг алушы ретінде әрекет етеді және лизинг мәмілесіне осы қатысушылар үшін осы Заңда айқындалатын құқығы бар және жауаптылықта б о л а д ы .

Бұл орайда лизинг алушының лизинг шарты бойынша лизинг төлемдерін төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін сублизинг алушыға аударуына лизинг берушінің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл орайда сублизинг алушы сублизинг шартына сәйкес өзінің пайдалануындағы лизинг нысанасына тоқтатылған лизинг шартының талаптарына сәйкес келетін талаптармен сублизингтің қалған мерзімі шегінде лизинг берушімен лизинг шартын жасасуға құқылы.";

б) 9-бап алып тасталсын;

7) 1 1 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "осы Заңда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "сатып алушыға" деген сөздер "лизинг алушыға (сублизинг алушыға)" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) лизинг нысанасы жаңа лизинг алушының иеленуі мен пайдалануына берілгені (қайталама лизинг, сублизинг, міндеттемедегі тұлғалардың өзгеруі) туралы осындай берілу кезінен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша сатушыны жазбаша хабардар етуге;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лизинг шартында лизинг берушінің Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.";

8) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтың 3)-5) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг беруші лизинг шартының талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда лизинг беруші лизинг шарты бойынша лизинг алушы алдындағы өз міндеттемелерін орындағанға дейін төленуге тиісті лизинг төлемдерін тоқтата тұруға;

4) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг беруші лизинг шартын біржақты тоқтатқан жағдайда, ол аванс ретінде төлеген лизинг төлемдерін кері қайтаруды талап етуге;

5) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг нысанасы жеткізіп берілмеген, мерзімі едәуір өткізіліп жеткізіліп берілген немесе лизинг нысанасы мақсаты бойынша пайдалануға кедергі келтіретін кемшіліктері жойылмай жеткізіп берілген жағдайларда, лизинг алушының сатушыны және лизинг нысанасын таңдау жағдайын қоспағанда, лизинг нысанасынан бас тартуға не лизинг нысанасын ауыстыруды талап етуге, лизинг шартын бұзуға;"

"7) егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, егер лизинг алушы жауап бермейтін жағдаяттарға байланысты лизинг шартында көзделген пайдалану талаптары елеулі түрде нашарлап кетсе, лизинг сомалары мен лизинг төлемдерін тиісінше азайтуды талап етуге құқылы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лизинг шартында лизинг алушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.";

9) 13-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сатушының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарына және сатып алу-сату шартына сәйкес белгіленеді.";

10) 14-баптың 4-тармағындағы "сатып алу-сату нысанасы болып табылатын мүлікті лизингке тапсыру туралы" деген сөздер "осы Заңның 11-бабы 2-тармағының 2) және 2-1) тармақшаларына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 15 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Лизинг беруші лизинг шарты бойынша сатушыдан өз меншігіне сатып алған және лизинг алушымен келісілген лизинг нысанасын төлемақысына кәсіпкерлік мақсаттар үшін лизинг алушының уақытша иеленуіне және пайдалануына беруге міндеттенеді." ;

2 - тармақта :

2) тармақшадағы "сатушыны" деген сөзден кейін "және лизинг нысанасын" деген сөздермен толықтырылсын ;

9)-13) тармақшалар алып тасталсын;

12) 16-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Лизинг шартының мерзімін осы Заңның 2-бабында белгіленген ережелерді ескере отырып, тараптар айқындайды." ;

13) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Лизинг шартын өзгерту және бұзу

Лизинг шартын өзгерту және бұзу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында немесе лизинг шартында айқындалатын тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады." ;

14) 19-баптың 2-4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, лизинг нысанасы лизинг алушыға оның барлық керек-жарағымен және оған қатысты құжаттармен (жинақталымын, қауіпсіздігін, сапасын, монтаждалуын, жөнге келтірілуін, пайдаланылуын және басқаларын куәландыратын құжаттарымен) бірге беріледі.

3. Сатушы лизинг нысанасын сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, осыған байланысты залалдарды лизинг шартының сатушыны таңдаған тарабы көтереді.

4. Лизинг нысанасы лизинг шарты бойынша оны пайдалану мақсаттарына сәйкес келмеген жағдайда, егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, осыған байланысты залалдарды лизинг шартының лизинг нысанасын таңдаған тарабы мойнына алады." ;

15) 20 - бапта :

тақырып пен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Лизинг нысанасына байланысты мүліктік тәуекелдер

1. Лизинг нысанасының сақталуы үшін, сондай-ақ оны техникалық құжаттамада көзделген көлемде пайдалануға болмайтын жағдайға әкеп соқтырған оның жойылуына, жоғалуына, бүлінуіне, мерзімінен бұрын қирауына, ұрлануына және лизинг нысанасын монтаждау, жинау немесе пайдалану кезінде жіберілген ағаттықтарға байланысты тәуекелдер және лизинг нысанасын нақты қабылдау кезіндегі басқа да мүліктік тәуекелдер үшін жауапкершілікті, егер шартта өзгеше көзделмесе, лизинг алушы мойнына алады." ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Лизинг нысанасының жойылуы, жоғалуы, бүлінуі, ұрлануы немесе лизинг нысанасының өз функцияларын жоғалтуы немесе егер лизинг алушы жауап бермейтін жағдаяттарға байланысты мүлік пайдалануға жарамсыз күйде болса, лизинг алушыны лизинг шарты бойынша міндеттемелерден босатпайды және, егер лизинг шартында өзгеше белгіленбесе, лизинг алушының талабы бойынша лизинг шартын мерзімінен бұрын бұзуға негіз болып табылмайды.";

16) 21-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Лизинг төлемдері - лизинг шартын жасаған кездегі баға бойынша лизинг нысанасы құнының барлық немесе елеулі бөлігінің өтелуін ескере отырып есептелуге тиіс және лизинг шартының қолданылу мерзімі бойына жүзеге асырылатын, лизинг шарты қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде лизинг шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасын білдіретін мерзімдік төлемдер, оған мыналар енеді:";

17) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Лизинг алушы лизинг нысанасын, егер лизинг шартында лизинг алушының лизинг нысанасын өз меншігіне сатып алу құқықтары мен міндеттері көзделмесе не ол лизинг нысанасын сатып алудың көзделген құқығын пайдаланбаса не лизинг шарты сот тәртібімен мерзімінен бұрын тоқтатылса, сондай-ақ лизинг шартында және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда қайтаруға тиіс.";

18) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Лизинг нысанасын талап ету

1. Лизинг берушінің, егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе, лизинг нысанасын, шартта немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалатын жағдайларда , Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен талап етуге құқығы бар .

2. Лизинг берушінің лизинг нысанасын мына жағдайларда:

- 1) егер лизинг алушының лизинг нысанасын пайдалануы лизинг шартының талаптарына немесе лизинг нысанасының арналған мақсатына сәйкес келмесе;
- 2) егер лизинг алушы лизинг берушінің лизинг нысанасына қол жеткізуін шектесе;
- 3) егер лизинг алушы белгіленген көлемдегі лизинг шарты бойынша лизинг төлемдерін шартта көзделген мерзімде қатарынан екі немесе одан көп рет төлемесе даусыз талап етуге құқығы бар .

3. Лизинг нысанасын даусыз талап ету Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес бұйрық ісін жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Сот бұйрығын шығару үшін лизинг беруші:

1) ө т і н і ш ;

2) л и з и н г ш а р т ы н ;

3) өтініш берерден кемінде бір ай бұрын лизинг алушыға жіберілген лизинг нысанасын ықтимал талап ету туралы жазбаша ескертуді;

4) лизинг алушының лизинг төлемдерін нақты төлегенін растайтын құжаттарды
т а п с ы р а д ы .

5. Лизинг алушы сот бұйрығының көшірмесін алған күннен бастап он күн мерзім ішінде лизинг нысанасын талап ету туралы мәлімделген талапқа білдірген қарсылығын кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, бұйрық шығарған сотқа жіберуге құқылы.";

19) 25-баптың 1-тармағындағы "шетелдік инвестициялар туралы және тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" деген сөздер "инвестициялар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

"25-1-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауапкершілік

Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті